

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институтының
директоры

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

«IMEI» ұйымының негізін салушы, Хора «Gracias» негізін салушы, Пусан қаласындағы EXPO 2030 елшісі, теология, философия, педагогика ғылымдарының құрметті докторы **ДОКТОР ОК СУ ПАК** эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келіп, эл-Фараби кітапханасында университет ұжымының ғылым мен білім саласындағы жетістіктерінің көрмесін тамашалады.



**Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры
Ж.Қ. Түймебаев қонақты көрме жетістіктерімен таныстырды (2023)**

Құрметті қонақ көрмедегі Абай институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістіктерімен танысып, «Абайтану. Таңдамалы еңбектер», «Абайтану антологиясы» сериялық басылымдарына, Абайдың Кісілік кодексіне ерекше көңіл бөліп, қызығушылықпен қарады. Көрме көрермендері Абайдың Кісілік кодексінің латын жазуындағы нұсқасын жасау мүмкіншіліктеріне назар аударды.



ДОКТОР ОК СУ ПАК



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты 2009 жылы құрылды. Институттың директоры Ж.Дәдебаев 2009-2011 жылдары кафедра профессоры бола жүріп, институт директоры лауазымын қоғамдық негізде атқарды. Институт туралы Ереже жасалып, белгіленген тәртіпте бекітілді. Институт директоры өзінің кафедра профессоры лауазымындағы оқу пәндері шегіндегі оқу үдерісі аясында институттың ғылыми-ақпараттық ресурстарын жасауға кафедралардың оқытушыларын, студенттерін, магистранттары мен докторанттарын тартты. 2009 жылы тиісті тәртіпте Абай институтының вебсайты ашылды. Онда Абайдың шығармалары жанрлық сипаттары бойынша орналастырылды. Оқытушылар, студенттер, магистранттар мен докторанттар оқу бағдарламасы аясындағы оқу, оқу-зерттеу ісі арнасында Абайдың өмірі мен шығармашылығы бойынша қалыптасқан ғылыми мектептер мен ғалымдардың өткен кезеңдерде түрлі басылымдарда жарияланған еңбектерін жинап, топтастыруға қатысты.

Көп ұзамай «Абай институтының хабаршысы» ғылыми-ақпараттық журналы ашылды, журнал 2009 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуден өткізіліп, № 10586-Ж куәлігі берілді. Журналдың жұмысы да, вебсайттың жұмысы да қоғамдық негізде жүргізілді. 2009 жылы Абай институтының вебсайтының ашылуы, «Абай институтының хабаршысы» журналының ашылуы институт қызметінің үлкен жетістігі болды. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы байырғы еңбектер жиналып, жаңа еңбектер жазылып, институттың вебсайтында, «Абай институтының хабаршысы» журналында жариялана бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар қоғамдық негізде үзіліссіз жалғасты. Студенттер, магистранттар, докторанттар институт директоры көрсеткен бағыт-бағдар бойынша қызығушылықпен белсенді ізденіс жұмыстарын жүргізді.

2009-2011 жылдары Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы еңбектердің мол қоры Абай институтының вебсайтында, «Абай институтының хабаршысы» журналында жарияланды, басқа да бұқаралық ақпарат



құралдарында көпшіліктің игілігіне ұсынылды. Институт директоры оқу үдерісімен байланысты Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы

еңбектердің электрондық қорын жасауға белсене қатысқан студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, оқытушы-профессорларға шексіз ризалығын білдірді. Абай институтының ғылыми-ақпараттық ресурстар қоры филология факультетінің студенттері мен магистранттарының, докторанттары мен оқытушы-профессорларының ерікті де жігерлі шығармашылық еңбегі нәтижесінде қалыптасты.



Абай күні. Абай институтының көрмесі. 10 тамыз 2023 жыл

2011 жылы университет ректоры Абай институтының айлық жалақы қорын жүз мың (100 000) теңге көлемінде бекітті. Осы қаржы шегінде үш қызметкер жалақы ала бастады. Жалақы символикалық мәнде еді. Осы жалақы қоры шегінде Абай институтының алғашқы штаттық қызметкерлері пайда болды. 2015 жылы Институт ғылыми жобалар конкурсы бойынша гранттық қаржыландыру көзіне қол жеткізді. «Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» ғылыми жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді (қаржыландыру сомасы 21 млн. тг.). 2020 жылы екінші бір гранттық қаржыландыру көзі ашылды. «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану» ғылыми жобасы негізінде іргелі зерттеу жұмыстары орындалды (қаржыландыру сомасы 27 млн. тг.). Институттың вебсайтында, «Абай институтының» хабаршысы» журналында жарияланып, жинақталған ақпараттар осы қаржылардың есебінен сериялық басылымдар үлгісінде жариялауға дайындалды. 2015 жылы «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының алғашқы 5 томы жарық көрді. 2020 жылдың екінші жартысында институттың штаттық кестесі университет қаржысы есебінен 2 бірлікке өсіп, 5 бірлік болып бекітілді. Институт

қызметкерлері 2020 жылдың екінші жартысынан бастап ел қатарлы жалақы ала бастады.

2021 жылы «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 50-ші томы жарияланды. Осы жылы Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Ж.Қ. Түймебаевтың бас редакторлығымен «Абайтану антологиясы» сериялық басылымы 10 том болып «Қазақ университеті» баспасынан басылып шықты. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» (50 томдық) және «Абайтану антологиясы» (10 томдық) сериялық басылымдары негізінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен «Абайтану антологиясы интеллектуалдық е-ресурстар базасы» ашылып, университет кітапханасының порталына орналастырылды. Ғылыми жобалар қаржысы аясында Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы мәселелері бойынша іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері ғылыми мақалалар жинағы, монография, оқу құралдары, лекциялар курсы форматында жарияланып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде, білім беру ісінде пайдалануға ұсынылды. Зерттеу жұмыстарының басты нәтижелері «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымында, «Абайтану антологиясы» сериялық басылымында, «Абай институтының басқа да сериялық басылымдарында жарық көре бастады.



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Томдар: 1-50

Ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру нәтижесінде жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымның томдары (50 томдық), «Абайтану антологиясы» (10 томдық) сериялық басылымы және олардың негізінде ашылған «Абайтану антологиясы интеллектуалдық е-ресурстар базасы» қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының дамуына, елдің зияткерлік әлеуетінің артуына, халықтың рухани әлемінің баюына, қоғамдық санасының өсуіне қызмет етуде.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы қазіргі шақта 50 том болып, білім алушылардың игілігіне ұсынылды. Бұл серия

басылымдары Абай институтының ғылыми жұмыстарының нәтижелері негізінде ұдайы толықтырылады. Абай институтының қорында қазір бұл серияның жалғасы боларлық 5 том еңбектер дбаспаға ұсынуға айын тұр.

Абайтану антологиясы. Томдар: 1-10 (2021)



Абайдың таңдамалы шығармаларының екі томдығы (2021)



Абай институтының ғылыми-зерттеу, ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесінде қол жеткен үш инновациялық өнімді ерекше атап өту орынды. Олардың біріншісі – «Абайтану антологиясы интеллектуалдық е-ресурстар базасы», екіншісі - «Абай ілімі» оқу пәні, үшіншісі – «Абайдың Кісілік кодексі». Бұл үш өнім білім алушылардың, тұтынушылардың пайдалануына лайықталған, қол жетімді.

Оқу кітаптары



ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған
және баспаға ұсынылған*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Мәдібай

Жауапты редакторы

филология ғылымдарының докторы, профессор Д. Ысқақұлы


ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З.-Ф. Бисенғали,
Т. Есембеков, А. Жақсылықов, Б. Жакып, Л. Мұсалы,
З. Сейітжанов, Ө. Тарақ, А. Темірболат, М. Үмбетев, Д. Ысқақұлы

А 13 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. Қазақ мектебінде білім алушы жастарға, олардың ата-аналарына және мұғалімдері мен тәрбиешілеріне арналған / жалпы ред. басқ., алғы сөзін жазған Ж. Дәдебаев; жауапты ред. Д. Ысқақұлы; құраст. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 146 б.

ISBN 978-601-04-5754-6

«Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы. 13-кітап (2021)



ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған
және баспаға ұсынылған*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Мәдібай

Жауапты редакторы

филология ғылымдарының докторы, профессор Д. Ысқақұлы

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З.-Ф. Бисенғали,
Т. Есембеков, А. Жақсылықов, Б. Жакып, Л. Мұсалы,
З. Сейітжанов, Ө. Тарақ, А. Темірболат, М. Үмбетев, Д. Ысқақұлы

А 13 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру ұйымдарына пайдалануға арналған / жалпы ред. басқ., Ж. Дәдебаев; жауапты ред., алғы сөзін жазған Д. Ысқақұлы; құраст.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б.

ISBN 978-601-04-5763-8

«Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы. 14-кітап (2021)




Абайдың Кісілік кодексі Абай институтының ғылыми-редакциялық кеңесінде талқыланды. 10 тамыз 2023 жыл

Ғылыми жобалар аясында орындалған жұмыстардың нәтижелері негізінде «Абай ілімі» деп аталған жаңа оқу пәнінің өндіріске енгізілуі үлкен жетістік болды. Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» еңбегінде: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық», - деп жазды. Осы қастерлі құндылықтың маңызы мен мәні «Абай ілімі» пәнінің мазмұнына негіз болды. «Абай ілімі» пәнінің әлеуметтік маңызы *біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылыққа* негізделгенінде. Еліміздің жоғары оқу орындарында «Абай ілімі» оқу пәнінің оқытылуы – біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашады.

«Абай ілімі» оқу пәні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беретін оқу бағдарламаларының жалпы білім беретін оқу пәндерінің тобында жоғары оқу орнының таңдауы бойынша оқылатын пәндер қатарында 2021-2022 оқу жылынан бастап оқытылып келеді. 2022-2023 оқу жылында Институттың штаттық кестесі «Абай ілімі» пәнінің оқытушы-профессорларын қоса алғанда 10 бірлікке дейін кеңейді.

«Абайдың Кісілік кодексі» - жұмыс берушінің қызметтік тапсырысын орындау тәртібі бойынша жасалған қызметтік туынды, авторлық құқық объектісі, әл-

Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің интеллектуалдық меншік құқығының объектісі.



«Абайдың Кісілік кодексі» елдің интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға, қоғамдық сананың жетілуі мен кемелденуіне, жастар мен жасөспірімдердің кісілік келбетінің қалыптасуына қызмет етеді.

Онда Абайдың кісілік туралы ұлттық және жалпыадамзаттық мәні зор қағидалары топтастырылған. Елдің өсер өркені үшін Абайдың Кісілік кодексінің әр бабының ғибраты, танымдық тағылымы, өмірлік мәні бар.

Абайдың Кісілік кодексіне көпшілік қауымның қызығушылық танытуы арта береді. Өйткені Абайдың Кісілік кодексі – адамзаттың бәріне бірдей қастерлі, қымбат құндылық.


Адамзат үшін Абайдың ілімін, Абайдың Кісілік кодексін білудің, түсінудің, болмысының кісілік қасиетіне айналдырудың өмірлік маңызы бар.

Абай институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарының келесі бір бағыты бойынша қол жеткен нәтижелер «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымында көрініс тапты. Осы сериялық басылым бойынша 2019-2023 жылдары жарық көрген 23 кітаптың әрқайсысының ғылыми, танымдық, әлеуметтік маңызы зор. Сериялық басылым бойынша Лұқман хәкім, Жиренше шешен, Бөлтірік шешен сияқты дара тұлғалардың сөздері жиналып, құрастырылып, ғылыми зерттеу, ғылыми түсініктермен толықтырылып жарық көруі сөз өнері саласында ғана емес, мәдени, ғылыми-танымдық, тәрбиелік тұрғыдан да аса құнды, бағалы жетістік болып табылады.



«Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы

Абай институтының көп томдық сериялық басылымдарының бірі – «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер». Жамбыл – ХХ ғасырдың Гомері атанған алып ақын, жампоз жырау. Жамбылдың ақындық айтыстағы өнерінің кеңістігі ұлы мұхиттай шалқиды. «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымы ұлы жыраудың шығармашылығы туралы еңбектердің таңдамалыларын қамтиды. Жамбылдың ақындық айтыстағы өнері, эпикалық дастандары туралы зерттеу нәтижелеріне зор көңіл бөлінеді.



«Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы

«Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы 25 том шамасында жобаланған. Кейінгі томдарда Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы туралы қазіргі зерттеулердің таңдамалылары топтастырылады.



Абай институты өз зерттеулерінің бірқатар маңызды нәтижелерін электрондық басылым форматында жариялай бастады. Бұл ретте ҚазҰУ-дың 90 жылдығына орай бірнеше сериялық басылым жарық көрді: 1) ҚазҰУ 90. Тұлғалар тағылымы. Эссе-портреттер; 2) ҚазҰУ 90. Презентациялар; 3) ҚазҰУ - өз түлектерінің жүрегінде; 4) ҚазҰУ 90. Абай институты.

Алдағы уақытта бұл сала едәуір кең қанат жаяды деп күтіледі. Әдебиет үлгілерін, әдеби ескерткіштерді, қазіргі әдеби үдерісті пайымдау мен насихаттауда электрондық басылымдырдың атқаратын қызметі үлкен. Бұл, бір жағынан, шығын көлемін көп азайтатын болса, екінші жағынан, көпшілікке қолжетімді. Электрондық басылым форматындағы кітаптарды оқу әсіресе білім алушы жастар үшін тиімді және қолайлы.

«Абай институтының электрондық басылымдары» - өз алдына дербес сериялық басылым. Онда әдебиеттің түрлі салаларын қамтитын ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы еңбектер жарияланады. Сонымен қатар әдеби сын саласындағы еңбектер «Әдеби сын» деген атаумен ұдайы шығып тұратын

болады. Әдеби сын – әдеби үдерістің қозғаушы күші. Әдеби сын әдеби үдерісті, әдеби құбылысты танушы, таныстырушы, бағалаушы әрі бастаушы, бағыт көрсетуші қызметерін қатар атқарады. Әдеби сынның осы салалардағы қызметіне жаңа леп, жаңа серпін беру мақсатында Абай институты нақты іс-шаралар атқаруда. Олардың білім алушы жастардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына игі әсері бар.

Абай институтының электрондық басылымдары



Орындалған жұмыстар нәтижесінде Абай ілімінің адам өмірінің мәні туралы терең мағыналы қағидалар мен көзқарастардан тұратын және ұлттық рухани қазынаға айналған бірбүтін рухани құндылықтар жүйесі екені негізделді. Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделі жасалды. Онда Абай ілімінің үш құрамдас бөлімі, Абай ілімінің үш негізі, Абай ілімінің категориялары теориялық кеңістікте жете негізделді, жан-жақты сараланды. Ақынның білім

концепциясының жүйесінде білу үдерісінің иерархиялық кезеңдері, Абай таксономиясының моделі анықталды.

Абай институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері - Қазақстанның қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласында өндірілген жаңа білім. Оған балама жоқ. Бірақ бұл білімнің қадіріне көңіл көзі ашық жастар жетеді. Оны қолданудың тетіктерін білімді жастар табады. Абай ілімінің кең таралуын қолдау, қостау биігіне білім саласын басқару мен ұйымдастыруда тәжірибесі мол, көргені де, көңілге түйгені де көп тұлғалар шығады.

Абай институтының 2023 жылы жарық көрген баспа өнімдері



2023 жылы Абай институты ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқу басылымы

форматында отандық баспалардан шығарған 8 (сегіз) кітап - маңызы, танымдық және тағылымдық мәні жағынан бағалы, құнды еңбектер. Олар Институттың басқа басылымдарымен бірге - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы қарсаңындағы көрнекі көрсеткіштер. Институт Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы жыл сайын халықаралық/республикалық ғылыми конференция өткізіп, жыл бойы жасалған жұмыстардың нәтижелерін сараптауды дәстүрге айналдырды.



2023 жыл «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі» конференциясы төртінші рет өтті.

Конференцияның басты міндеті Институтта жасалған зерттеу жұмыстарының басты нәтижелерін талдап, сараптан өткізу болғанда, сырттан қатысқан ғалымдардың Абай шығармашылығын зерттеуге, насихаттауға деген қызығушылығын арттыруға да көңіл бөлінді. Конференция материалдары стандарттық талаптарға сай тіркеуден өтіп, Абай институтының порталында жарияланды. Тұтынушылар үшін қолжетімді.


<https://abainst.kz/?p=5508>



<https://abainst.kz/?p=4028>



<https://abainst.kz/?p=4272>



Абай институтының түрлі басылымдарда жарияланған еңбектері білім алушы жастардың сұраныстарына сай форматта ұсынылған, оқытушы-профессорлар, жас ғаламдар, көпшілік қауым үшін де қолжетімді.

Абай ғылыми-зерттеу институты – ғылыми-ақпараттық ресурстар базасы қуатты, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандары қалыптасқан, ғылыми-интеллектуалдық әлеуеті зор және зерттеу университеті құрамындағы білім мен ғылым интеграциясы саласында үлкен жетістіктерге жеткен бірден-бір ғылыми-зерттеу субъектісі.

Абай институтының зияткерлік әлеуеті нығайып, Абай шығармашылығын қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының тоғысында пәнаралық жүйеде зерттейтін республикадағы қуатты ғылыми-зерттеу орталығына айналды.

Институт жетістіктерінің ғылыми, тәжірибелік, әлеуметтік маңызы зор.

Абай институты өзінің белсенді ғылыми шығармашылық еңбегінің инновациялық мол өнімімен, іргелі зерттеу нәтижелерін жеке оқу пәні форматында оқу процесіне енгізуімен, Абай ілімін ұдайы насихаттауымен қоғамның рухани-мәдени дамуына, университеттің зияткерлік әлеуетінің артуына зор үлес қосты.

Институт Университеттің 90 жылдығына елеулі жетістіктермен келді.

МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТТЕР СІЛТЕМЕСІ

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Томдар 1-50.

https://abainst.kz/?attachment_id=4433

Абай институты//Абай институтының хабаршысы. – 2011. - №1 (7). – Б. 3-6.

[https://abainst.kz/pdf/Abai_habarshysy_1\(7\)2011.pdf](https://abainst.kz/pdf/Abai_habarshysy_1(7)2011.pdf)

Абай институты. 2013 жылдың көрсеткіштері

<https://abainst.kz/?p=5532>

Абай институтының еңбектері. 2021 жыл

<https://abainst.kz/?p=4731>

Нәтижелер, жетістіктер

<https://abainst.kz/?p=4848>

Абай. Электрондық көрме

<https://abainst.kz/?p=4100>

Абай институтының еңбектері. Е-көрме. 2023

<https://abainst.kz/?p=5939>

Абай институтының еңбектерін шетелдік профессор тамашалады

<https://abainst.kz/?p=5922>

Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімі туралы ІҮ конференция

<https://abainst.kz/?p=5908>

Абай институтының достық қатынастары

<https://abainst.kz/?p=5617>

Абай ҒЗИ дайджест (Абай күні – 2022)

<https://abainst.kz/?p=5272>

Жарқын жаңалықтар

<https://abainst.kz/?p=4717>

Абай жылындағы жетістіктер

https://abainst.kz/?attachment_id=4394

**Абай ғылыми-зерттеу институтының
Ғылыми-редакциялық кеңесінде мақұлданған
Желтоқсан 2023 жыл**